

Жекелеген азық-түлік тауарларының импорты кезінде уақытша қорғау баждарын өндіріп алудан түскен ақшаны депозиттен республикалық бюджетке енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 14 қазан N 1122

"Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 28 желтоқсандағы Заңына сәйкес және жүргізілген анықтау нәтижесінің қорытындысы негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі "Жекелеген азық-түлік тауарлар импорты кезінде уақытша қорғау шараларын енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 қазандағы N 1548 қаулысына сәйкес тауарлар импорты кезінде уақытша қорғау баждарын өндіріп алу нәтижесінде алынған ақшаны депозиттен республикалық бюджетке енгізсін.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитетінің хатшылығын және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетін жүргізілген анықтаудың нәтижесі туралы хабардар етсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі